

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 90 – 92

MC T.K.Albekov, N.M. Mursalimova

M.O.Auezov Institute of Literature and Art
m_nasihat@mail.ru

**TOPONYMIC LEGENDS:
CHRONICLES OF THE PEOPLE AND ITS LANDS**

Abstract. The research discusses the ideological significance of the names of the location in the history of the Kazakh people, their pedagogical role, creation of statehood, the unifying value of geographical and toponymic names of habitats, and even specific historical events and real actions of certain characters.

Although any name of the location in the Kazakh steppe has its own history, this short article discusses legends about the names of the localities related to the historical events of the uprising led by Kenesary Kassymov that took place in the Chelyabinsk and Aktobe regions.

Keywords: folklore, legend, toponyms, toponymic folklore, oral stories, historical legends, oral story, plot, event, episode, motif, folk prose, historicism, chronicle, genre, poetics, etc.

Т.К. Әлбеков, Н.М. Мурсалимова

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ., Қазақстан

**ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР: ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІКТІҢ ШЕЖІРЕСІ,
ТУҒАН ЖЕР, АТАМЕКЕННІҢ ТАРИХНАМАСЫ**

Аннотация. Зерттеуде мекендік аңыздардың еліміздегі жер-су, әрбір тау-тас пен сай-сала атауының қазақ халқының тарихындағы алатын орны, идеялық маңызы, бүгінгі ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі, оның мемлекеттілікті, ру-тайпалар бірлігін сақтаудағы мәні, кей жағдайда реальді тұлғалардың іс-әрекеттері, нақты тарихи оқиғалар қарастырылады. Қазақстан аумағындағы кез-келген атаудың жеке-жеке тарихы болғандықтан, бұл шағын мақалада Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтеріліс барысындағы кейбір соғыс қимылдары, соған байланысты тек Челябині, Ақтөбе өңірлерінде ғана қойылған жер аттарына қатысты аңыздар талданады.

Тірек сөздер: топоним, жер-су, мекендік, аңыз, би-шешендер, ауызша тарих, мотив, фольклор, халық прозасы, тарихилық, шежіре, этнография т.б.

Қазақ халқының ауызша тарихы – ұлттың қалыптасуымен бірге дамып, толығып, сан ұрпақтың жадында жатталып бүгінгі күнге жеткен рухани құндылық. Алғашқы хандық құрылған XV ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңдерде көшпелі өмір салтын ұстанған халықтың тарихы ресми хатқа түспегендіктен және ел басқару жүйесі де ауызша жүргізіліп келгендіктен оның қоғамдағы рөлі маңызды болды. Ол халқымыз жаппай сауаттанған XX ғасырда да, электронды жүйе белең ала бастаған бүгінгі ғаламдану заманында мән-мағынасын жоя қойған жоқ. Ауызша тарих бірегей мазмұны мен тақырыбына қарай қазақтың тілі, ділі, діні, тұрмыс-салты, этнопедагогикасы, тарихы және этнографиясы бойынша дереккөз ретінде аса құнды. Қазақ Ордасының іргесін қалаған тұлғалар, болмаса олардың дәстүрін жалғастырған адуынды ақын-жыраулардың, билер мен шешендердің, шежірешілердің, сан-салалы өнер иелері сал-серілердің, әнші-жыршылардың әуелі ауызша тарап, кейін там-тұмдап болса да қағазға түсірілген жеке туындылары, олардың жады арқылы жеткен халық шығармалары ел тарихының әр дәуірінен сыр шертеді, ата-бабалар жүріп өткен бұралан соқпақтардағы ізін, елі мен жері үшін төккен терінің иісін сездіретін оқиғаларды, мемлекет жүйесін құрған ру-тайпалардың шежіресін, мәдениетін, ғұрып-салтын баян етеді. Халық әдебиеті жеткізген ауызша тарихтың түпнегізі – тәуелсіздік идеясы. Бастапқыда олардың арман-мүддесі жалпы түркі халықтарын бір тудың астына біріктіру болса, кейінгі кезеңдерде Қазақ мемлекетін құру, өркендету, мемлекетті сақтау, оны сыртқы жаулардан қорғау, өзара ынтымақ-бірлікті насихаттау мәселелері негізгі мұрат-мақсаттары болды. Бұл мәселелер бүгінгі күні де маңызды, жаңа тарихты қайта жазуда құжаттық материалдар табылмаған жағдайда, деректі материал болып табылатыны анық.

Ауызша жеткен мұралардың аса қомақты бір бөлігін халық прозасы құрайтындығы белгілі. Қазақ халық әдебиетінің тереңіне бойлап, фольклорлық мұралардың түптөркіні болып табылатын мифтік шығармаларды

зерделеу арқылы қазақ жеріндегі адамдардың ежелгі тарихы – мифтік сана мен ойлаудың заңдылықтарын айқындауға болады. Академик С.Қасқабасовтың ғылыми тұжырымдарына сүйенсек, «әр фольклорлық жанрдың өзіндік қасиеттері оның тарихилығына әсер етеді. ...оның түрлі белгілері (бес) түгелімен дерлік, негізінен дамыған көркем жанрларға, яғни ертегілерге, әпсана-хикаятқа, эпосқа тән. ...мифтік сана мен ойлаудың өзі тарихи заңды кезең. Оны аттап, не айналып өту мүмкін емес. Ол барлық елдің тарихында болған жағдай. Олай болса, мифтік сана, мифтік ойлау дегеніміздің өзі – тарих, яғни фольклордың алғашқы дәуірі» [1, 82-83].

Ал ертегілердің көбі тарихи-типологиялық жағдайда пайда болған, біразы тарихи-генетикалық, яғни туыс халықтарға ортақ болып табылады, кейбірі тарихи-мәдени байланыс нәтижесінде қазақ жұртына тараған. Сол себепті қазақ ертегілерінің арасында таза ұлттық та, халықаралық та, көшпелі де сюжеттер қатар өмір сүріп келді.

Бұдан кейінгі хикаяларда, әпсана-хикаяттардағы, аңыздардағы, ауызекі әңгімелердегі оқиғалардың тарихи-деректік мәні өте жоғары екендігін аңғару қиын емес. Кеңес кезеңінде халқымыздың тәуелсіздігі үшін ерлік пен елдіктің тамаша үлгілерін көрсеткен батырлар бейнелері сомдалған көптеген аңыздар, ауызекі әңгімелер еліміз егемендік алғанға дейін елеусіз қалып, тыйым салушылыққа ұшырап, жарияланбай, насихатталмай, зерттелмей келді. Сонымен қатар араб әліпбиі қолданыста болмағандықтан, кейінгі ұрпақ, әсіресе ғылыми ортаның бұл мәтіндердің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндігі шектеулі болды.

Қазақ халық прозасының тағы бір ауқымды тармағын топонимдік аңыздар (әпсана, хикаят, әңгіме) құрайды. Топонимдік аңыз – белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың аталу себебі, сол жерлердегі оқиғалардың сол атауларға байланысын баяндайтын әңгіме. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап П.П.Семенов-Тяньшанский, Г.Н. Потанин, Ш.Уәлиханов кейбір өзен, көл мен тау аттарының шығу тарихына арнап мақалалар жазды. XX ғасырдың 30-40 жылдары Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, С.Аманжолов, С.Әлиев, Н.Баяндин баспасөз беттерінде топонимдер жайлы материалдар жариялады. Қазақ фольклорындағы топонимдік аңыздар туралы С.Қасқабасовтың «Қазақ халық прозасы» еңбегінің маңызы зор. Сондай-ақ, А.Сейдімбековтің, Ш.Ыбыраевтың, Т.Қоңырат-баевтың еңбектерінде топонимдер туралы мәселелер қамтылған. А.Пангереевтың филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Қазақтың топонимдік фольклоры» еңбегі топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың жанры ретінде қарастырған алғашқы зерттеу болып табылады.

Топонимдік аңыздар қазақтың ауызша тарихында айырықша орын алады. Себебі әрбір тау мен тастың атауы тегін қойылмаған, олардың жеке-жеке деректік аңызы бар. Олардың ұлт тарихын қалыптасуындағы маңызы өте зор. Академик С.Қасқабасов: «Топонимдік деп біліп жүрген аңыздарда да тарихи негіздер, фактілер болады. Ал тарихи деп жүрген аңыздарда топонимикалық мотив кездеседі. Аңыз жанрындағы шығарманың өзі емес, ондағы сарын ғана топонимдік сипатта болуы мүмкін. Сондықтан «топонимдік аңыз» деген атауды шартты түрде ғана алу керек те, оған белгілі бір жерге, мекенге байланысты оқиғаны баяндайтын әңгімелерді жатқызу қажет. Екінші сөзбен айтқанда, топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау-тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен, немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі қайраткер атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» [2, 125], – деп топонимдік аңыздардың халық прозасындағы рөлін, толық ғылыми сипатын ашып берді.

Ал профессор А.Сейдімбек топонимдердің, оларға қатысты аңыздардың тарих сілемдеріндегі деректік маңызы, тарихи шынайылығы жөніндегі толғанысын былайша білдіреді: «Туған жер төсіндегі алыс замандардан бері қарай тартылған ұрпақ өтар сабақтастығы, олардың дүние дидарына қандай талғаммен қарай білгені, табиғат сұлулығының алуан қырын қалай танып сүйсінгендігі географиялық атауларда тайға таңба басқандай сайрап жатыр. Көне түркі жазуы қашалған Орхон ескерткішіндегі (VIII ғасыр) Ертіс, Селенгі, Қарақұм, Бұқар, Қаракөл, Көміртау сияқты жер-су атаулары бүгінгі күнімізге еш өзгерместен жетіп отыр. Сонау V-VIII ғасырдан жып-шырғасы шықпастан тозбай жеткен дәл осындай «ескеркішті» кезіктіре қою оңай болмас. Міне, топоним атаулының мән-маңызы осы тұрғыда назар аудартады» (3, 73-74).

Топонимдік аңыздармен терең таныса отырып, олардың кейбір үлгілерінде жер-су аталарының шығу тегі белгілі шынайы оқиғаларға, тарихта танымал болған тұлғаларға орайластыра баяндалатынын аңғаруға болады. Мәселен, ақтөбелік П.Панкереев жинаған «Кілемжайған» атты аңызда Кеңесары хан әскерлерінің Кіші жүз аумағына шегінгенінде атакты Жанқожаның қарындасына үйленеді. Кейін өзге әйелдерінің күндестігінен әлгі тоқалдың зәбір көріп, ордадан аластатылғанда, ашулы Жанқожаның айбатынан сескеніп, әрі сый-құрмет көрсетіп алдынан кілем жайып қарсы алғандығынан аталған жер солай аталып кеткені айтылады [4, 143].

Тағы бір ақтөбелік М.Әлмұратов 1959 жылы сол облыстан жазып алған аңызда Кеңесары мен Наурызбай Орынбор, Челябин өлкелерінің аралығындағы қазақтарды да көтеріліске жұмылдыру мақсатында әскери жорықтар жүргізеді. Алайда, бұл жерлерге қоныстанып алып, жерсініп кеткен шаруа-мұжықтар мен орыс-казактар қарулы қарсылық көрсетеді. Қалыптасқан жағдайға байланысты іс-қимыл жасауға бейімделген, қарсыласына амал қалдырмайтын әскери әдіс-айла қолдануға машықтанған Кеңесары Бреда станицасын мынандай тәсілмен басып алады: «Қазақ үйлерінен мысық жинайды. Түнде ел ұйқыға кеткен мезгілде елу мысықтың құйрығына майға батырған шүберек байлап, оған от тигізіп поселкеге қоя береді. Майға малған шүберек лаулап жанып, жаны ышқынған мысықтар үй-үйдің түкпір-түкпіріне ыршып тығылып, поселкені

өрт алады. Ұйқыдағы халық төсегінен жалаңаш-жалпы шыға қашып, поселке азан-қазан болады. Осы кезенді күтіп тұрған Кене ханның әскерлері жусатып қырып салады. Бірлі-жарымдай болмаса, поселке түгел дерлік жанып кетеді...

Осы күні сол Кенесары, Наурызбай өртеген Бреда станциясын қазақтар «Күйік» деп атайды [5].

Кенесары туралы келесі аңызда отаршылдардың аса мол, әрі қуатты әскерінің тегеуріне шыдамаған көтерілісшілер шегініп, Ақтөбе жағындағы Толыбай, Жантай өзендерінің сағасына барып бекінеді. Патша әскерлері Қойлыбай деген қарт батырды жолбасшы етіп алып, соңынан түседі. Қуғыншылар қос өзекте жатқан көтерілісшілердің үстінен шығып, кескілескен шайқас болады. Алғашында бірін-бірі ала алмаған қарсыластар екі жаққа шегініп, бекініске көшеді. Тұйықсыз, шалт қимылдайтын Кенесары әскерлері ел аяғы басылған шақта жауды елеусіз ту сыртынан келіп шабуылдайды. Қауіпсіз жатқан орыстар көпелімде сасып қалып, тым-тырақай қаша жөнеледі. Қойлыбай биік төбенің басындағы қоста жалғыз қалады. Наурызбай бастаған бір топ сарбаз жетіп келіп, қимылсыз отырған қартты найзаға іліп көтеріп, орыстар кеткен жаққа лақтырады. Іле-шала жеткен Кенесары: «Бала, мұның қате болды. Жасы жеткен зиянсыз шал еді», – деген екен. Кейін әлгі жер «Қойлыбай төбесі», шайқас өткен сай «Қойлыбай қырғыны» аталыпты [6].

Бұл мысалға алынған аңыздар тек қазіргі Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданының аумағында өткен және көрсетілген жер-су атаулары өзгеріске түспей, бүгінге дейін қалпын сақтап қалған. Кенесары хан бастаған көтеріліс 1837-1840 жылдары Орта жүз, 1841-1845 жылдары Кіші жүздің Торғай мен Ырғыз өзендері аумағын, 1846-1847 жылдары Жетісуды, Іле мен Алатау өңірлерін шарпып, бүкіл Қазақстан көлемінде мойындалып, отаршылдыққа қарсы жүргізілген ұлт-азаттық көтеріліс 10 жылға созылған тарихи оқиға болғандығы баршаға мәлім. Жоғарыда көрсетілген жер-су атауларына байланысты аңыздар азатты, әрі азапты жылдардың бір белгісі ретінде жұрт жадында сақталып қалған. Топонимдердің саны – қазақ жерінің көлеміне сай ұшан-теңіз және олар бейберекет қойыла салмаған, әрбір атаудың тарихы, өзіне тән оқиғасы бар. Профессор А.Пангереевтің пікірімен тұжырымдарымдағанда: «Жалпы, топонимдік аңыз ең алдымен, халық санасынан орын тепкен белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың неліктен бұлай аталғанына, ол жерлерде қандай оқиғалар болып өткендігіне жауап іздеуден бастау алады» [7, 152].

Топонимдік аңыздар жөніндегі қысқаша шолуымызда Кенесары ханға байланысты тек Ақтөбе өңіріндегі үш-ақ жер атауы жөніндегі аңызға көңіл бөлінді. Ал бір ғана Кенесары мен Наурызбайға қатысты Қазақстанда қаншама жер атауы және оған қатысты аңыз-әңгімелер бар екендігін анықтап, ғылыми саралау жұмыстары әлі де жүргізіле береді деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. 328.
- [2] Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1985. 272 б.
- [3] Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлұлық туралы сырлар. – Алматы: Жалын, 1981. – 240 б.
- [4] Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т. 80: Топонимдік аңыздар. – 416 б.
- [5] ӘӨІ. 339-бума, 4-дәп.
- [6] ӘӨІ. 339-бума, 4-дәп.
- [7] Пангереев А.Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе: «NOBTL», 2014. 456 б.

REFERENCES

- [1] Qasqabasov S. Mif pen äpsananıñ tarixılıǵı // Qazaq fol klornıñ tarixılıǵı. Almatı: Gılm, 1993. 328.
- [2] Qasqabasov S. Qazaqtıñ xalıq prozası. Almatı: Gılm, 1985. 272 b.
- [3] Seydimbekov a. Künğir-künğir kümbezder: Sulwlıq twralı sırlar. Almatı: Jaln, 1981. 240 b.
- [4] Babalarsözi: Jüztomdıq.– Astana: «Foliant», 2011.T. 80: Toponımdikañızdar. 416 b.
- [5] ÄÖI. 339-bwma, 4-däp.
- [6] ÄÖI 339-bwma, 4-däp.
- [7] Pangereev A.Ş. Toponımdik fol klordñ janrlıq türleri.– Aqtöbe: «NOBTL», 2014. 456 b.

Т.К. Албеков, Н.М. Мурсалимова

Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова

ТОПОНИМИЧЕСКИЕ ЛЕГЕНДЫ: ЛЕТОПИСЬ НАРОДА И ЕГО ЗЕМЛИ

Аннотация. В исследовании рассматриваются вопросы идейного значения названий местности в истории казахского народа, их педагогической роли, создании государственности, объединяющего значения географических и топонимических названий мест обитания, и даже конкретных исторических событий и реальных действиях некоторых персонажей.

Хотя любое название местности в казахской степи имеет свою историю, в этой небольшой статье рассматриваются легенды о названиях местностей, связанных с историческими событиями восстания под предводительством Кенесары Касымова, имевших место в Челябинской и Актобинской областях.

Ключевые слова: фольклор, легенда, топонимы, топонимический фольклор, устные рассказы, исторические легенды, устная история, сюжет, событие, эпизод, мотив, народная проза, историзм, летопись, жанр, поэтика, и др.